




№23 (10013)  
19 наурыз,  
сейсенбі  
2024 жыл

# Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ АУҚЫМДЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАСТАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

#### БАСПАНАМЕН ҚАМТУ

2024 жылы рекордтық **18 млн шаршы метр** тұрғын үй салынады

КЕЗЕКТЕ ТҮРҒАНДАР ҮШІН САТЫП АЛУ ҚҰҚЫҒЫМЕН ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ТҮРҒЫН ҮЙ **4 ЕСЕ**

Қосымша **272 млрд теңге**

1 мамырдан бастап – Отбасы банкпен бірлестікте жаңа жеңілдетілген бағдарлама – **300 млрд теңгеге** ипотекалық қарыздар

ҚАТЫСУШЫЛАР: жұмыс істейтін жастар, жас отбасылар, тұрғын үй төлемдерін алушылар, білік салымшылары, моноқалалардағы, ауылдардағы тұрғындары, өсіміз жинау бойынша міндеттемесі жоқ тұрғын үй кезегінде тұрғандар

Қосымша баспанаға мұқтаж **12 мың** отбасы қамтылады

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ АУҚЫМДЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАСТАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

- 1 жұмыс істеп тұрған **55 жылу** көзін жөндеу
- 2 **6,5 мың шақырым** инженерлік желілерді жаңғырту
- 3 **650 млрд теңге** инвестиция

ТКШ инфрақұрылымын жөндеу және жаңғырту

Мұнан бөлек Отбасы банкпен бірлесіп, 300 млрд теңге көлемінде ипотекалық қарыздар беретін жаңа бағдарлама іске қосылады. Оған жұмыс істейтін жастар, жас отбасылар, аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендер тұрғындары, оның ішінде ақша жинау бойынша міндеттемесі жоқ тұрғын үй кезегінде тұрғандар қатысуға мүмкіндік берілмек.

Айта кетейік, алғашқы жылы жаңа бағдарлама есебінен қосымша 12 мың мұқтаж отбасын баспанамен қамту жоспарланып отыр. Жалпы биыл елімізде 18 млн шаршы метр тұрғын үй салынады, мұны рекордтық көрсеткіш десе де болады. Тұрғын үй құрылысының қарқын алуы елдегі баспана мәселесін шешуге ғана мүмкіндік берумен шектелмейді. Бұл бір жағынан жаңа жұмыс орындарын құруға да сеп болғалы тұр. Себебі тұрғын үй салуға қатысты биылғы жеке бұрынғы жоспарланған жылдық көрсеткіштен 2,5 млн шаршы метрге артық.

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ АУҚЫМДЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАСТАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

#### Жол желісін дамыту

**12 мың** шақырым автожолдарды жөндеу және салу + қосымша **2,5 мың** шақырым

Жақсы және қанағаттанарлық жай-күйдегі республикалық жолдардың үлесі **93%-ға** жетеді

қосымша **34 мың** жұмыс орны

**1,7 мың** теңге инвестиция

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ АУҚЫМДЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАСТАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

#### Елді мекендерді газдандыру

**1,7 мың** шақырым желіні жаңғырту

**300 мың** азаматты қамту

2024 жылы жоспарланған **10** елді мекеннің орнына **11** елді мекен газдандырылды

**118 млрд теңге** бағытталады

## Үміт



# Тапсырмалар тиянақты орындалса игі

Ұлттық құрылтайда Президент елімізде тұрмыс сапасын жақсарту жөнінде жауапты азаматтарға бірқатар тапсырма жүктеген. Олардың қатарында ТКШ инфрақұрылымын жөндеу және жаңғырту мәселесі бойынша қолданыстағы 55 жылу көзін жөндеу, кемінде 6,5 мың шақырым инженерлік желілерді жаңғырту жұмыстары бар. Күні кеше Үкімет Президент тапсырмасынан туындаған міндеттерді орындауға кірісіп кетті. Мәселен, жоғарыда айтылған мақсат-міндеттердің өзіне 650 млрд теңге инвестиция тартылатын болды.

Елімізде жол сапасына қатысты да мәселе жоқ емес. Рас, Сыр өлінде сапасы сыр берген жолдар мен ішкі көшелер мәселесін шешуде нәтижелі жұмыс бар. Бірақ бұған қатысты еліміздің басқа да аймақтарында тұралаған мәселелер жоқ емес. Осы ретте жол желісін дамыту бойынша Президент айтқан 12 мың шақырым автомобиль жолдарын реттеу үшін Үкімет ағымдағы жұмыстардан бөлек, қосымша 2,5 мың шақырым жолды жөндеу жұмыстарын жоспарлап отыр. Бұл мақсатқа шамамен 1 трлн теңге инвестиция бағытталады. Егер жоспар нақты жүзеге асса, жай-күйі жақсы және қанағаттанарлық республикалық жолдардың үлесін 93 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік туады. Сондай-ақ 24 мың жаңа уақытша және тұрақты жұмыс орын құруға жол ашылмақ.

Елді мекендерді газдандыру деңгейін арттыру мақсатында Мемлекет басшысы кемінде 1,7 мың шақырым желіні жаңғыртуды міндеттеген. Егер Президент тапсырмасы өз деңгейінде жүзеге асса, алдағы жылу маусымдарында 300 мыңнан астам азамат көгілдір отын тұтынады. Биыл жыл аяғына дейін 46 елді мекенге газ тарту межелеген. Кешегі Ұлттық құрылтайдан кейін мақсат еселенді. Яғни ұлу жылында 87 елді мекенге көгілдір отын кіреді. Демек жеделдетілген шаралардың арқасында 63 мыңнан астам халқы бар тағы 41 елді мекен

газдандырылады, бұл меже де толық жүзеге асса, елді көгілдір отынмен қамту деңгейі 2 есеге ұлғаяды. Бұл мақсаттарға ел тайқазанынан 195 млрд теңге қаралмақ.

Иә, Үкімет Президент пәрменінен туындаған міндеттерді орындауға асығып отыр. Тіпті Премьер-министр Олжас Бектенов сәуірге дейін жобаларды қаржыландыру кестесін уақытлы ұсынуды тапсырды. Кесте жобалардың әрі қарай іске асырылуын бақылауды көздейді екен.

– Біз Президенттің ауқымды инфрақұрылымдық бастамаларының уақытылы іске асырылуын қамтамасыз етуге тиіспіз. Әрбір министрге және әкімге, ұлттық компаниялардың басшылығына жұмысты күнделікті бақылауға алуды тапсырамын. Тұрғындар нақты өзгерістерді көруі қажет. Толық қайтарым мен жұмыс істеу және жоғары нәтиже тиімділіктің көрсеткіші болмақ, – деді Олжас Бектенов.

Кешегі кеңесте мұнан бөлек өңдеу өнеркәсібінің, транзиттік дәліздерді, кәсіпкерлікті және IT-технологияларды одан әрі дамыту жөніндегі шаралар қаралған. Негізгі міндет – жаңа жұмыс орындары, озық технологиялар мен құзыреттер трансферті, ірі өндірістерді локализациялау, жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құру және басқа да түріндегі мультипликативтік әсер беретін жаңа инвестициялық жобалар.

Бұған қатысты нақты жоспар бар, биыл соның ішінде кемінде 70 жоба пайдалануға берілмек. Өңдеу өнеркәсібін дамыту мақсатында отандық кәсіпорындардың жүктемесін орта есеппен 65 пайызға дейін арттыру бойынша қосымша іс-шаралар әзірленеді.

Транзиттік дәліздерді дамыту және көліктің барлық түрімен жүк тасымалдау көлемін ұлғайту үшін жаңа темір-жолдардың, логистикалық орталықтар мен қоймалардың құрылысы алдағы уақытта жалғасады. Мәселен, жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау көлемін 450 млн тоннаға дейін, автомобиль көлігімен тасымалдау көлемін 316 млн тоннаға дейін, сондай-ақ транзиттік тасымалдарды 30 млн тоннаға дейін, оның ішінде Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша жүктерді тасымалдау көлемін 4,2 млн тоннаға жеткізу жоспарда бар.

Үкімет отандық бизнесті қолдауды жалғастырады. АӨК дамытуға қосымша 240 млрд теңге бағытталайтын болды. ШОБ жобаларын субсидиялауға 320 млрд теңгеге дейін қаралмақ. Инвесторлар тарту мақсатында 12 арнайы экономикалық және индустриялық аймақ қажетті инфрақұрылыммен қамту жоспарланған. Бұл мақсаттарға 160 млрд теңге бағытталады. Сондай-ақ «өнеркәсіптік ипотека» тетігі бойынша жалпы құны 30 млрд теңгеге 8 жаңа шағын өнеркәсіптік аймақтың құрылысы жеделдетілген болды.

Ақпарат және байланыс қызметтері саласында кемінде 10 пайыздан кем емес өсім күтіледі және ол IT-қызметтер экспортын 600 млн долларға дейін ұлғайту есебінен қамтамасыз етіледі.

Айта кетейік, кешегі Ұлттық құрылтайда мемлекеттің болашағына қатысты басқа да бірқатар мәселелерге мән берілген. Алдағы уақытта оны орындауға бағытталған нақты жоспарлар нәтижелі жүзеге асса, ел кешегі кеңестің жай жиын емесіне тағы бір көз жеткізер еді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

## Жоба



# «Жайлы мектептің» жайы қалай?

Аймақта «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. Биыл тапсырылатын 10 мектептің мердігері анықталып, тоғызының құрылысы жүріп жатыр. Мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындысы кеш шығуына байланысты 1 мектеп құрылысы жақын күндері басталмақ.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Үкімет

# Шабандоздар атқа шапты

**Ұлыстың ұлы күні**  
 Наурыз мейрамына орай Бұқарбай батыр ауылында шабандоздар бәйгеге шапты. Ауылдың кәсіпкер азаматтары және Қызылорда облысының Құрметті азаматы Бердібек Мыхановтың демеушілігімен өткен бәйгеде 50-ге жуық шабандоз сәйгүлігін атшабарда сынады. Даланы шаңға бөккен жарыста тай, құнаң, аламан бәйге берілді.



Жарыс тай бәйгеден бастау алды. Атқан оқтай зулаған 15 сәйгүлік атшабарды шаңға көмді. 4 шақырымға шапқан шабандоздар бірінен бірі өтеді. Адамның делебесін қоздыратын мұндай атжарыстар ұлттық спортымыздың қайталанбас үрдісі екенін дәлелдеп, алғашқы айналымның да шаңы көрінді.

«Төрт тұяғын тең басып келе жатты, Тасқа басқан тарихтың таңбасындай. Шабандоздың төбесі көрінеді. Жазықта жалғыз тұрған тау басындай» демекші, желмен жарысқан сәйгүліктердің ішінен алғаш болып мөреге Бұқарбай батыр ауылындағы Әділбек Нұрмағанбетовтың Алиасқар Жеткерген тізіндегі «Айқасқа» атты сәйгүлігі бірінші болып мөре сызығын аттады. Ол ұйымдастырушылар тарапынан 200 мың теңге қаржылай сыйақыны жеңіп алды. Дәл осы ауылдың «Жұлдызай» атты жүйрігі мөре сызығын екінші болып кесіп, шабандозы 120 мың теңге иеленсе, үшінші орынға Шаған ауылының тұрғыны Мұрат Лекеревтің тұлпары «Керітөбембай» атты тұлпары тұрақтап, оған 80 мың теңге қаржылай сыйақы табыстанды.

Бұдан әрі ат жарыс 8 шақырымдық құнаң бәйгеге ұласты. Бұл бәйгеде де 15 тұлпар бақталасты. Қызылорда қаласынан келген Бекболат Жанасылдың «Ержөткері» есімді тұлпары жүйріктің көрсетіп, мөреге бірінші болып келді. Оған 300 мың теңге сыйақы табыстанды. Нұрболат шабандоз тізіндегі батыр атындағы ауылдың тұрғыны Батырбек Нұрмағанбетовтың сәйгүлігі «Ақ жол» бұл бәйгеде мөреге екінші болып келіп, 200 мың теңге иеленді. Ал Қызылордадан келген Жұмағали

Киікбаевтың Рамазан Әбдүкешім тізіндегі «Танкист» атты тұлпары мөрені үшінші болып кесіп, 100 мың теңге қаржылай сыйақыны еншіледі.

«Той қызығы соңында» демекші, аламан бәйгеге де кезек келді. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атанды көздеген шабандоздар 16 шақырымдық

аламан бәйгеге бақ сынады. Көпшілік асыға күткен бәйгеде 18 ат қосылып, 8 айналым бойынша жарыс жолына шықты.

Жиналған жұрттың қиулаған дауысынан шабыт алған шабандоздар атшабарды бойлай шауып, шаңға көмді. Шашасына шаң жұқтырмаған Ақай

ауылынан келген Сейіт Шохаевтың бағы мен бабы келіскен «Сарықасқа» есімді сәйгүлігі мөреге бірінші болып келіп, 400 мың теңге қаржылай сыйақы иеленді. Ал екінші орынға Қазалы ауданынан келген Нұрасыл есімді шабандоз тізіндегі «Ботақан» тұлпар тұрақтап, 300 мың теңге иеленді. Мөрені үшінші болып кескен қызылордалық «Арлан» есімді аргымақты тізіндегі Нұрым Жанғасалиев 200 мың теңге ақшалай сыйақымен марапатталды.

Тартысты бәйгеден кейін шара қазақтың қанына сіңген қасиетті, дәстүрлі ұлттық ойыны көкпарға ұласты. Ойында жігіттердің күш-жігері, төзімділігі, батылдығы мен ептілігі сыныға түрті. Жарысқа ауданда қарасты ауылдардан ат құлағында ойнайтын білекті де жүректі 110 шабандоз қатысты. Тартысты да қызықты өткен ұлттық ойында салым салған шабандоздар ақшалай сыйақы иеленді.

Дархан даладағы дүбірден хабар келсе, жолдың қашықтығына қарамай асығып келген жұрт ат дүбірін тұяқтап, ер дүбірін намыстан жылылмаған тартысты бәйгеңің күесі болды.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа форматына сәйкес, «Наурыззнама» онкүндігі жарияланған болатын. Осыған сәйкес 16 наурыз «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні» болып белгіленген. Бұл – ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын, салт-дәстүрімізді дәріптейтін, қазақы болмысымызды айшықтайтын ерекше күн. Дәл осы күні Сыр өңіріндегі мәдениет ұйымдарында мерекелік марафондар мен халық арасында кең тараған салт-дәстүрлер: тұсаукесер, бесікке салу, беташар және тағы басқа да 40-қа жуық рәсім кең көлемде ұйымдастырылды.

## Көне дәстүр жаңғырған күн



Қазақтың салт-дәстүрі ағайын туған-туыс, көршілер арасында жақсы қарым-қатынастың қалыптасуына және ынтымақтастықта өмір сүруіне жол ашқан. Бүгінде атаулары өзгерсе де, кейбір салт-дәстүрлерді қайтамыз бұзбай сақтап отырған өңірлер бар. Әсіресе Қазақстанның батыс пен оңтүстік облыстарында қазақтың салт-дәстүрлерін тастамай күнделікті тұрмыста ұстанып жүр. Мысалы, ат тұлдау, ақсарбас атау, аунату, байғазы беру, босаға байлау, енші беру, ерулік беру, жылу жинау, қалау айту, қазан шегелеу сияқты дәстүрлер сақталған.

Кейбір ұмыт болған дәстүрлерді халыққа ұғыну үшін аудан көлемінде «Көне дәстүр күмбөзі» ұлттық салт-дәстүрлер фестивалі өтті. Ауданнан бастау алған фестивальді Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйі мен Мөрәлі Шәменов ауылдық мәдениет үйі жалғасты. Бұқарбайлық өнерпаздар Дәуімбай елді мекеніндегі рәміздер аллеясында «Құттық» дәстүрін қойылымдарына арқау етсе, М.Шәменов ауылынан келген өнерпаздар орталық алаңда «Танабау» салт-дәстүрін сахналады.

«Құттық» – келін түсірген үй құда-құдағиларын аттандырып соң орындалатын дәстүр. Бұл дәстүр бойынша ауылдың оң жақта отырған бойжеткендері келіп «құтты болсын» айтып, арнайы дәм әкеліп, сый жасайды. Тісінше қыздар өздеріне лайықты әшекей немесе ыдыс-аяқтан сый сұрайды. Түсінгеніміздей, бұл дәстүр «құтты болсын, құт әкелсін» деген ниетпен ізгі ойдан туған.

Танабау тағуды бала ержетіп, тірлікке жарап, үлкен көмек бере бастаған сәттен бастайды. Яғни бұл бала алғаш әкесіне, қыз бала анасына ілесіп, түрлі жұмысқа қолғабыс етіп жүргенін көрген жақындыры, туған-туыстары мен көрші-қоландары «Ұл-қыздарың қолғабыс етуге жарапты, шаруа атқаруды сеніп тапсыра берсең болады екен» деп балаға түйме-тана, білезік тағып жібереді. Кейде оны көпшіліктің немесе туыстарының атынан бір кісі арнайы барып тағады. Салт бойынша «танабау» тағылған баланың ата-анасы да өз көдесін жасауы тиіс.

Бұқарбай батыр мен Мөрәлі Шәменов ауылдық мәдениет үйлері желісі үзіліп бара жатқан осы салт-дәстүрлерді қайта жаңғыртып, елдің ыстық ықыласына бөленді.

Бұдан әрі мерекелік шаралар «Ұлттық киім» күнімен жалғасты. Қараткен ауылдық клубы мен Далдабай ауылдық клубының ұйымдастыруымен «Қырық жеті» дәстүрі сахналанды. Ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлерді қайта жаңғыртып, ұлыстың ұлы күні қарсаңында мерекелік көңіл-күй сыйлаған өнерпаздар аталған салт-дәстүрдің мән-маңызын ашып, көріністері арқылы көңінен насихаттады.

«Қырық жеті» – бұрынғы қазақтың қалыңына қатысты қолданыста болған дәстүр. Қазақ халқы қыз туса, «қырық жеті» ұл туса, «атұстар» деп сүйіншілеген. Себебі «Қалыңмалға қырық жетіні матап бердім» деген сөз бар. Бұл сөз өткен ғасырларда жиі айтылып, көңілден қолданыста болған. Әрине «қырық жеті» дегені, осынша бас малды білдіреді.

«Неге 48 немесе 50 емес?» деуіңіз мүмкін. Қазақ неге 47-ге тоқтаған? Бұл санның да мән-мағынасы бар. Біріншіден, қазақта 40 пен 7 сандары ежелден қасиетті саналады. Мысалы, «қырықтың бірі – Қыдыр, қызға қырық үйден тыйым, қырық күн шілде немесе қырықнан шығару» десе, жеті қазына, жігітке жеті өнер де аз, жеті қат жер мен жеті жұрт сынды қалыптасып, болмысымызға сіңіп кеткен әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарымыз бар. Қыздың қалыңмалына қырық пен жетіні қосып, «қырық жетіге» тоқтауы осыдан.

Орталық алаңда «Нәзір» ұлттық салт-дәстүрін көріністеріне арқау еткен Аққыр ауылдық клубы барлық сән-салтанатымен үйлескен ұлттық киімімен нағыз қазақы болмысымызды көз алдымызға әкелді. Еңкейген қариясынан еңбектеген баласына дейін ұлттық тағамдары мен жеті қазынасын ала келіп, киелі сахнаны думанға бөлді. Қандай да бір күрделі, игі істі бастарда ауыл-аймақты, туған-туысты жиып, батасын алып, «көп түкірсе көл» дейтін аталы сөзімізді айтып, ұлтымыздың ізгі дәстүрін айқындау ұмыт болмағаны абзал.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ



## Береке-бірлігі жарасқан

**Ұлт болашағының ең басты тұғыры, ең басты іргетасы – отбасы. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің түп-төркіні де осы. Мықты мемлекеттің қалыптасуы үшін әрбір үйдің, шаңырақтың береке-бірлігі жарасымды, ынтымағы ырысты болуы керек. Өздеріңізге белгілі, қазақ халқы үшін қашанда шаңырақ – киелі ұғым. Үлкен үйді «қара шаңырақ» де оны ерекше құрметтеген. Осы ретте Наурыззнама онкүндігіндегі 17 наурыз «Шаңырақ» күні деп аталды. Мереке қарсаңында Ақсу ауылындағы Алдабергенөвтер отбасының қара шаңырағына аялдадық.**



Салт-дәстүр, әдет-ғұрып қағидаларын ұстана отырып, өнегелі құндылықтарды, елжандылық қасиеттерді балаларының бойына дарытып келе жатқан бұл үлгілі отбасы – бүгінде 5 баладан 17 немере ербіткен өнегелі әулет. Қоғам ісіне белсене араласып, салықалы ұрпақ тәрбиелеп отырған, өмір жолы өнегемен өрілген Алдабергенөвтер әулеті көпке үлгі.

Ұрпақтарын еңбекке баулып, тәзім мен бірлікке үндеген мерейлі отбасының ақсақалы Марат Алдабергенов саналы ғұмырында елге елеулі қызмет етті. Ол еңбек жолын механизатордан бастап бригада есепшісі, өндіріс бригадирі, прораб, агроном, гидротехник, директордың орынбасары қызметтерін мінсіз атқарған. Албұл отбасының асыл анасы Зибаш Қулетова зейнет жасына дейін ауылдағы балабақшада тәрбиеші қызметін абыроймен атқарған. Одан бөлек Ақсу совхозында қарапайым жұмысшы болған. Ол 1995 жылдан бастап кәсіпке ден қойды. Бүгінде зейнетке шықса да ұлттық музыканы дәріптеп, ескі әндерді келер ұрпаққа жеткізіп, мөні мен мағынасы терең әндердің ұмытылып қалмай, сахнада шырқаулына өз септігін тігізіп жүр. Ол – бүгінде ақсулық «Асыл әжелер» ансамблінң белді мүшесі.

Наурызнаманың онкүндігін барынша сән-салтанатымен атап өтуді көздеген Алдабергенөвтер отбасы Наурызға қызу дайындық үстінде екен. Зибаш анамыз келіні Әйгерім екеуі таңертеңнен қазанға ет салып, дастарқан дайындауда. Айтуынша, ұл-қыздары немерелерін ертіп келіп, арнайы Наурыз мейрамымен құттықтап, қара шаңырақта бас қоспақшы. Балаларының бірі жеке кәсіпкер болса, енді бірі – мемлекеттік қызметкерлер. Абыз анамыздың айтуынша, бала тәрбиесіне қазақ құрсақтан мән беруі керек екен.

– Бала бойға біткеннен бастап анасы тәлім-тәрбиесі мол кітаптар оқып, ұлттық ән-күйді тыңдап, тек жақсы сөздер айту керек. Яғни ұлтты өзгеден ерекшелеп, оның болмысын сақтауында отбасының рөлі бірінші кезекте болған жөн. Қандай қиын жағдай болса да шаңырақты шайқалтпай, балаға жақсы тәлім-тәрбие беру – кез келген отбасының басты міндеті. Жолдасым екеуіміз өмірдің ащысын да, тұщысын да бірге көрдік. Аллаға шүкір, балаларымыз ержетіп, барлығы да жоғары білім алды. Үйдегі ұл мен қыз – ұлтымыздың өртеңгі болашағы, сондықтан бала тәрбиелеген кезде «мен ұлтымның

болашағын тәрбиелеп жатырмын» деген жауапкершілік болуы керек, – дейді Зибаш Қулетова.

Иә, «ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер, ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал текке айтылмаса керек. Ата-ананың жас күнінен өткен еңбек жолын жалғаған балалары да бүгінде ауданда ата жолын жалғауда. Олар кәсіпкерлік саласының өркендеуіне өзіндік үлесін қосып, кәсіптерінің көкжиегін кеңейтуде. Отбасы құндылығын ұлықтап, өмір жолын өнегемен өрген отбасы қашанда жастарға үлгі-өнеге бола бермек. Бүгінгі сапарымызда осындай ой түйдік.

Үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету қазақ тәрбиесінің алтын дінгеі екенін естен шығармаған Алдабергенөвтер отбасы үнемі немерелеріне ақыл айтып, бағдаршам іспетті дұрыс бағыт-бағдар беріп отырады.

– 3 ұл 2 қызым бар. Әрқайсысы өз шаңырағының түтінін түтетіп, ер салада қызмет жасап, еліміздің дамуына өз үлесін қосып жүр. Бақыт байлықта емес, шен мен билікте де емес. Отбасында жайлылық пен махаббатқа бөленбеген адамның «бақытымын» деп айтуы бекер. Мен үшін нағыз бақыт – балаларымның амандығы. Олар

ержетіп, ел ағасы жасына жетсе де мен үшін әлі бала болып қала береді. Сапарға шықса, қайтып оралғанша тақымынды қысып, алаңдап отырамын. Балаларымның әр ісі менің көз алдымда. «Бала өскенше, немере өлгенше» дейді қазақ. Енді балаларыммен қатар немерелеріме де алаңдап, амандығын тілеп отырамын, – дейді Марат Алдабергенөв.

Иә, қариялар шаңырақтың қазығы болса, өсіп-өнген бұлпағы – сол әулеттің баға жетпес ұрпағы. Үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен, қайсар мінез, қалтқысыз қызметімен туған-туыс, дос-жаранға сыйлы болған Алдабергенөвтер әулеті бытыртырысы мен ынтымағы жарасым, бірлігімен көпшілікке үлгі болған отбасыларды дәріптеу мақсатында өткен «Мерейлі отбасы» байқауында III орынды иеленген.

Отбасы – сыйластық, сүйіспеншілік, түсіністік, жарасымдылық орнаған орта. Кішігірім мемлекетке айналып отырған, берекесі мен бірлігі жарасқан отбасының шаңырағынан шаттық кетпесін дейміз.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



Тарих

# Ауылға ақын келгенде

1986 жылдың қақаған қысы, қаңтар айының соңғы күндері болатын. Мен ол кезде Аққұм кеңсары партия комитетінің хатшысы едім, қыстың қысқа күні ертелетіп «Жаңадария» газетінің редакторы марқұм Зордан Салықбаев қасында орта жастағы бір әйел мен ер кісіні ертіп кабинетіме келді.

Амандық-саулықтан кейін Зордан мені қасындағы кісілерге таныстырды. Әйел кісіні елімізге белгілі ақын апамыз Марфуға Айтхожина, ер кісіні жазушы Бек Тоғысбаев деп, ол кісілердің өмірдеректері мен шығармашылығы жайлы қысқаша хабардар етіп, мақсаты шығармашылық жұмыстарымен халықпен кездесу ниеттері бар екенін жеткізді.

Ол кезде кеңсарға Алматыдан ақын-жазушы, әртістері жиі келіп тұратын және аудан басшылығы келетін кісілердің атын атап, түсініп, кейде оларға сый-құрмет көрсетуді де тапсыратын. Ал келген бұл ақын-жазушы ешқандай хабарсыз өз мақсаттарымен келген сияқты.

«Келгенше қонақ ұялады, келгенің үй іесі ұялады» дегендей, қыстың мынадай қақаған суығында елді жинап кездесу өткізу жазушы Бек Тоғысбаев ердің жасы елуге толып, ақын апамыз Марфуғаның елмен таныстыру үшін келгенін түсінетін адамға майпаздап жеткіген болатын.

Күзгі егін орағы біткесін, кеңсар директорынан бастап, өндіріс басшылары еңбек демалысына кететін кез келді. Оның үстіне елге танымал ақын-жазушыға жол-жоралғы жасау, қонақасы беру тағы бар.

Мәдениет үйі суық, от жаққанмен жылымайды. Мен Зорданды қонақтарымн қапдырып, төменге түсіп, бас есепшінің бөлмесіне ауылдағы мекеме басшылары мен кеңсардың активтерін жинап, жағдайды хабардар еттім. «Көп түкірсе көп» дегендей, сыйлы қонақтардың көуілінен шығуға пәтуаластық.

Қонақтарды мен өз үйіме қабылдайтын болдым. Содан кейін жөн-жоралғы мәселесі де шешілді, мектептің акт залында техника жөндеп жатқан МТС жұмысы механизаторлары, сауын базасының қыз-келіншектері, мекеме қызметкерлері, мектеп ұжымымен зал лық төрелді. Бас-аяғы бір сағаттан соң кездесуді бастап кеттік.

Қонақтар да халықтың көп жиналғанына қуанып қалды.

Мен кездесуді ашып, жиналғандарға келген кісілерді, олардың келудегі мақсатын айтып, сөзді жазушы Бекке бердім.

Ол кісі бұрын Қазақ ССР Мәдениет министрлігінде өнер басқармасын басқарған екен. Қазақстан

Жазушылар одағының мүшесі Бекке өздерінің елге келудегі негізгі мақсаты, елден гөрі ақындық орбитасы шетелдерге, одаққа танымал болған Марфуғаның шығармашылығын оқырмандарға кеңінен таныстыру мақсатын баса айтып, ақынның қиын да қызықты өмірінен көптеген мағлұмат берді. Кешегі қиын-қыстау кезеңде Қытайға өтіп кеткен отбасында дүниеге келген Марфуға мектепте араб әрпімен хат танып, ерте есейді. Сол елде басталған мәдени төңкерістің ызғарын сөзге бастады. Шешесі өліп, қарт әкесімен жетім қалған қыз елге жетуді армандайды.

1962 жылы Кеңес-Қытай келіссөзінің негізінде үлкен қиындықпен шағын көш шекарадан өтіп, ата-баба туған топырағын көз жасымен құшақтап елге оралды. Ауыр азап пен жол қиындығын көтере алмаған әкесі сол жерде көз жұмды. Отбасында жалғыз бала Марфуға әкесін жер қойнына беріп, көшке еріп Отанына қауышады.

Елуге келгеннен кейін білімін жетілдіріп, ақындық талантын аша түседі. Сол кездері біз көп біле бермейтін ақын Марфуға Айтхожинаның ақындық қазақ поэзиясына үлесі одақты айтпағанда шетелдерге танымал болып Балтық, Кавказ халықтарының орыс, украин, эстон, үнді парсы, испан т.б елдердің тілдеріне аударылып, он жеті кітабы жарық көріп, оның жетеуі орыс тілінде шыққан екен.

Оның өлеңдер жинағы «Знамя», «Отчизна», «Крестянка» журналдарына, «Молодая гвардия», «Художественная литература», «Советский писатель» баспаларында тұрақты түрде жарияланып тұрған. 1984 жылы «Огонек» журналының сыйлығымен марапатталған. Ақынның «Бір ұсытырақ» деген өлеңіне композитор Г.А.Калинин өн жазып, бүкілөдақтық радиодан үзбей беріп отырған. Жазушы Бек ақын «Марфуға бұл күндері ақындық шабытын айғаттатасу» деп апамызға сөз берді.

Ақын өзіне тән ашық биязы сөзімен Сыр өліне ыстық сөлемін жолдап, елдің атын шығарып жатқан еңбек адамдары мен күршілітеріне ыстық сөлемін жолдайды. «Туған елім» деген өлеңін оқыды.



«Туған елім – күн сүйген Қазақстан,

Түлегің мен төрінді қалап ұшқан. Жүрегің сырлы қобыз күй толғайтын. Соғыпты саған арнап қазақ ұстаң» деп жырын төккенде ақын күдіретіне жиналған жұрт тәнті болған еді.

Ақын өзінің қиын да қызықты өмірінен хабардар етіп, шығармашылық жұмыстармен одақ, шет елдерде болғанын алған әсерлерін айтып, жырларын оқыды, елге береке-бірлік тілеп, жақсы әсер қалдырған еді.

Сөз алған жазушы Бек Тоғысбаев өзінің шығармашылық жұмыста жүргенін «Отчизна», «Крестянка» журналдарына, «Молодая гвардия», «Художественная литература», «Советский писатель» баспаларында тұрақты түрде жарияланып тұрған. 1984 жылы «Огонек» журналының сыйлығымен марапатталған. Ақынның «Бір ұсытырақ» деген өлеңіне композитор Г.А.Калинин өн жазып, бүкілөдақтық радиодан үзбей беріп отырған. Жазушы Бек ақын «Марфуға бұл күндері ақындық шабытын айғаттатасу» деп апамызға сөз берді.

Аққарағаз босанып, қызды болды деген хабар келді. Арқалы ақын жаңа туған нәрестеге бір шумақ арнап арнап, бала Сыр өлінің Марфуғасы болсын деп өз атын берді. Біздің келуімізге риза болған ақын апам маған да «Үйретіп жас балаға шат күлді, Үйретіп үл балаға ат мінуді. Сара салған жолымен партияның Көтерерсің биікке Аққұмыңды» деп арабша қолын қойып, бір шумағын арнап, «Қыран жеткен» кітабын сыйға тартқан еді.

Ақыннан жазушы Бек те қалмай дастарқанынан дем татқан Рысбайға өзімді туған анам аттас Күлшәріге осы кездесуден ескерткіш деп қолтаңбасын берген еді. Содан бері қаншама жылдар өтті. Жазушы Бек Тоғысбаев дүниеден өтті. «Таңырқама, ақ шашыма қарама, Бөрібір мен бөймаймын қараға. Тау басында жатқан қардай қысы-жаз, Күміс қырау жараспай ма анаға» деп жырлаған ақын апамыздың күмістей ақ шашын көргенде сол бір естен кетпес кездесу, көңілді отырыс еріксіз еске түседі.

Рысбай КӘРІМОВ, Қазақстан Журналисттер одағының мүшесі, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы

Сақтансаң, сақтайды

## Жемқорлық жайламасын десек...

Жемқорлық жайлаған салада міндетті түрде құлдырау қалыптасары анық. Ал оның мемлекет үшін қандай қауіпті екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан онымен күресті мейлінше күн тәртібінен түсірмеген абзал.



Елімізде де мұндай мәселе жоқ деп айта алмаймыз. Қызметтік бабын пайдаланып, пара алып ұсталып жатқандар Қазақстанда әлі де жемқорлық барын аңғартады. Мемлекет те онымен күресті күшейтуге бел буына анық байқалады.

Жемқорлық жайлаған жерде барлық мәселе қалыптасатынын жоғарыда айттық. Бірақ осы мәселенің жолын кесу тек құзырлы органдардың міндеті деп қарау қате түсінік сияқты. Әрбір адам оның зиянын шын түсінгенде ғана елімізде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың жемісін көруге мүмкіндік туады.

Дастан БАХТИЯРОВ, аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары



## Есірткіні қолданушылар көбеюде

Елімізде есірткіге қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде белгіленіп, есірткі заттарының заңсыз айналымына қарсы белсенді түрде күрес жүргізілуде.

Есірткіге байланысты былтыр аудандық сотқа 13 іс түскен, оның 2-еуі соттылығы бойынша жолданған. Өзінің тұрып жатқан үйі ауласын есірткі егуге арнаған, ал үй ауласында тұрған сарай ішін есірткі шегуге, сақтауға бейімдеген. С.С. өзінде сақтауда жүрген сораның тұқымын егіп, өсіру ниеті туындап, 2023 жылы сәуір айының орта тұсында тұрып жатқан үй ауласының бақшалы жерінде егілген помидор қасына қарықтық бойына 3 жерге сора өсімдігінің тұқымын (дәндерді) отырғызып, ол өккен сора өсімдігінің тұқымынан шыққан 3 дана сораның түптерін қолдап суғарумен күтіп-баптап, заңсыз өсірген.

В.В. есірткі заттарды өткізу мақсатынсыз заңсыз сақтау мақсатында 2023 жылы 13 қыркүйекте сағат 11:55 шамасында үйінің сарай ішіндегі үстел үстінде ақ қағаз оралған өзіне тән ерекше ісі бар, есірткі зат қалыбын, жалпы салмағы 0,83 грами келтірілген марихуана есірткі затын өткізу мақсатынсыз заңсыз сақтаған.

Елімізде жастар есірткіге тәуелді болып жатыр, бірі жаңауысын айырылып, балалары тірі жетіп болып өсіп жатыр, қаншама жол-көлік оқиғасы болып, адамдар бақилық болуда. Есірткі жақсылық өкпеліетінің жақсы білеміз. Сондықтан оған өрес болудан сақтанған жөн.

Б.ИСАҒАБЫЛОВ, аудандық соттың бас маманы, Қазақстан Заңгерлер одағының мүшесі

## Хабарландыру

Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы дара кәсіпкер ретінде тіркеуіс кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар бойынша төмендегі хабарлайды. Бірынғай жиынтық төлем (будан өрі қарай БЖТ) кәсіпкер ретінде тіркелмей, бейресми түрде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтар үшін 01.01.2019 жылдан бастап уақытша бес жылға енгізілген болатын.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға арналған БЖТ қолдану мерзімі аяқталды. Осыған байланысты БЖТ төлейтін азаматтар 2024 жылдан бастап дара кәсіпкер ретінде тіркелуге міндетті екенін ескертеді. Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан кәсіпкерлерді қолдау мақсатында арнаулы салық режимдері енгізілген. Атап айтқанда, Патент (1%), оңайлалық декларация (3%), бөлшек сауда салығы (2%, 8%) түрлерінің ыңғайлысын таңдауына болады. Сонымен қатар салық режимін «E-salyk Business» мобильді қосымшасы (1%) арқылы таңдауға болады. Бұл ретте әлеуметтік төлемдер автоматты түрде есептеледі және төленеді. Бұл жағдайда әлеуметтік төлемдердің ең төменгі айлық сомасы 17 425 теңге болады (міндетті зейнетақы жарналары-8500 теңге, әлеуметтік аударымдар – 2975 теңге, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары – 5950 теңге). Жоғарыдағыларды ескере келе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған жағдайда сіздің дара кәсіпкер ретінде тіркелуге міндетті екеніңізді ескертеді.

Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы

### Салық кодексiнiң 93-бабына сәйкес мәжбүрлi түрде таратылуда жататын салық төлеушiлер бастапқы тiзiмi 2024 ж.

Table with columns: №, СТН, ЖСН/БСН, Салық төлеушінің атауы, Мемлекеттік кірістер басқармасының атауы, Кредиторлары және (немесе) субъект мәжбүрлі түрде таратылған жағдайда құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын өзге де тұлғалары өтініштерін (паралықтары) қабылдау үшін салық органының мекенжайы. The table lists numerous taxpayers and their corresponding tax authorities.



Айтпайын десең...



## Насыбай ату – ата дәстүрімізге сын

Бала кезімізде ауылда насыбай ататындарды жиі кездестіретінбіз. Үлкені де, кішісі де қалтасынан шақшасын шығарып, қара-жасыл түсті түйіршікті ауыз қуысына лақтыра салып, рахат алатын. Насыбайды шақшасымен қойына салып, аса қымбат дүниесіндей бағалап, сылап-сипап жүретінін қайтерсіз. Шыны керек, бүгінде қоғамнан насыбай атқанды кездестіре бермейтін болдық, алайда мектеп оқушылары арасында бұл зиянды затқа қызығушылық артқан көрінеді.

Жалпы насыбайдың қайдан, қашан қандай зат екеніне тоқталатын болсақ, ол – ежелгі Орта Азия елдерінде, яғни Өзбекстанда, Тәжікстанда, Түркістанда, Қырғызстанда, Ауғанстанда, Қазақстанның оңтүстік және Қытайдың батыс өңірлеріндегі халықтардың көп пайдаланатын темекі өнімнің шегілімтін түрі екен. Сондай-ақ насыбай қалтаға ауырлық түсірмейтін көрінеді, өйткені оны үй жағдайында бейберекет жасай береді. Оның негізгі өнімдерінің бірі – махорка мен темекі, ал оған тағы қосатын өнімдер сәндірілген әк, тауық саңғырығы немесе түйе тезеп, әртүрлі өсімдіктер күлі, желім, май болып табылады. Оның құрамында қорғасын, сынап, кадмий және мышық сияқты адам ағзасына зиян келтіретін ауыр металдар бар. Насыбайдың дәмін жақсарту үшін әртүрлі дәмдеуіштер қосады. Ол кішкене түйіршіктер түрінде және қара-жасыл түсті түйіршіктер күйінде сатылады.

Насыбайдың жарнамалаған сияқтымын, десе де бұл затты пайдалану аса қауіпті және еріккен іс екенін естен шығармаған жөн. Себебі ол адам денсаулығына өлім қаупін туғызады. Өздеріңізді және балаларыңызды осы қауіпті дағдылардан сақтау қоғам үшін аса маңызды.

Иә, жаман әдет қашан да жұққыш. Денсаулыққа зиян екенін біле тұра арақ, темекі, қалың насыбай секілді жаман әдеттерге әуестенушілер қатарының азаймауы осының дәлелі болса керек. Осы арада Мәжіліс депутаты Жарқынбек Амантайұлы бүгінде оқушылардың насыбай атып

жүргенін айтып, мәселеге Ішкі істер министрлігінің назар аударуын сұрап, дабыл қақты. Депутаттық сауал Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсеноваға, Ішкі істер министрі Ержан Сәденовке жолданды.

– Бұл депутаттық сауалда көтерілетін мәселе емес еді. Алайда 4-5 сынып оқушыларының өш келдерсіз насыбай атып жүргенін көріп, еріксіз дабыл қағуға мәжбүрміз. Занда шектеу қойылғанына қарамастан бұл зиянды зат сауда орындарында, базарлар мен дүкендерде бала деп, жас деп қарамай, еркін сатылып жатыр. Бағасы да қолжетімді, ал зияны шаш етектен. Оның үстіне, бүгінде формасын өзгертіп, кәдімгі қалташадағы шай секілді қораптап, шақшалап, түрлендіріп ұсыну. «Жевательный табак», «Снюс», «Шайба» деген атаулармен таралып жатыр, – дейді Жарқынбек Амантайұлы.

Жоғарыда айтып өткенімдей, насыбай – мәдениетке не әдепке, гигиенаға сай келмейтін жиіркенішті қалдықтардан жасалатын зат. Әкінішке орай бұрын оны тек үлкен адамдар ататын болса, қазір мұнымен жастар, тіпті қыздар да әуестеніп болған. Ең сорақысы, олардың саны жыл сайын артып жатыр. Бұған қоса ел үміт күтіп отырған спортшы жастар арасында да бұл кері әдет қалыпт жағдайға айналуда. Кейбір деректер бойынша, халықтың 10 пайыздан астамы насыбайды қолданады екен.

Осы ретте еліміздің дәрігерлері насыбай атудың адамды тәуелділікке ұшыратумен қатар түрлі ауруларға да душар ететінін айтады. Тіпті оның

қатерлі ісікке, ұрпақсыздыққа апаратыны ғылыми дәлелденген. Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты мамандарының айтуынша, насыбай тұтыну ауыз қуысының қатерлі ісігінің дамуына өкеледі екен. Олар соңғы кездері насыбай атып жүргенін көріп, ісікке шалдыққандар арасында жастардың көбіейіп кеткенін жеткізді.

Міне, насыбайдың біздің қоғам үшін зияны шаш етекпен. Сондықтан билік, халық, қоғам болып, бұл зиянды заттан бас тарту жолын қарастырып, тіпті заң жүзінде тыйым салған дұрыс болады деп ойлаймын.

Иә, енді елімізде насыбай сатқандар қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Бұл туралы Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.

– Денсаулыққа зиян әрі ұят әдеттің бірі – насыбай ату. Оның қалай жасалатыны белгілі. Ешқандай санитарлық талап сақталмайды. Насыбайды өндіруге және таратуға 2015 жылғы тыйым салынған. Бірақ әлі күнге дейін көшеде, тіпті азық-түлік дүкендерінде жатқан жоқ. Қазір – XXI ғасыр, жоғары технология мен жасанды интеллект қарқынды дамыған заман. Ал біздің азаматтарымыз аузына насыбай салып, қақырып-түкіріп жүреді. Бұл не деген масқара? Осы жағымсыз қылмықты ата дәстүрі санайды. Шын мәнінде бұл – барып тұрған мәдениетсіздік. Оны тоқтату керек, – деді Мемлекет басшысы.

Жандос ЖАЗКЕН

Сәкен Сейфуллин – 130 жыл

## Дала дауылпазы

Арқаның ғана емес, жалпы қазақтың ардақты ақыны, Қазақ КСР-ның Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған жазушы Сәкен Сейфуллиннің есімі ел жадында жаңғыра бермек. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, үш бәйтеректің бірі 1894 жылы Қарағанды облысының Шет ауданында дүниеге келген. 1938 жылы Сталиндік репрессияның құрбаны болған жалынды жазушы сол кездің солақай саясатына мойымай түрлі тақырыпта қалам тербеген. Ақынның отты жылдары дүниеге келген жалынды жырларының бүгінгі ұрпаққа жетінуе жұбайы Гүлбаһрамның еңбегі зор екенін бірі білсе, бірі білмес.



Тарихқа көз жүгіртсек, 1923 жылы 15 ақпанда «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» атты мақаласында «Бүгінге дейін орыстар қазақты қырғыз деп атап келеді. Енді ербір қазақ қырғыз дегенді ұмытып, басқа жұртқа өзінің қазақ екенін үйрету керек» деп қазақ сөзін айтуды да Сәкен Сейфуллин ұсынған. Осы мақаладан соң 1925 жылы кеңестің V съезінде «Қазақ» деген атау түзетілген.

Тар жол тайғақ кешуде шыңдалған Сәкен Сейфуллин 1920 жылдарда-ақ ірі мемлекет қайраткері, үлкен саясаткер болып, 28 жасында Қазақстан үкіметінің басшысы, Бүкілодақтық жоғарғы атқару комитетінің мүшесі болды. Ол билік басына келісімен елде жаңа өндіріс ашу, жастарды білім жолына үйрету, тарихи қатені түзетіп, «қазақты қазақ деп айту» туралы үндеу тастаған. Бұдан бөлек ұлтымыздың мүддесін көздейтін мәселелерді шешуге үлес қосты. Соның нәтижесінде қазақ тілі мемлекеттік тіл деңгейіне көтерілген.

Махаббат деген ұлы сезім ақынның да өмірінде болған. Алғаш ғашық болған қызы Гүлбаһраммен ақын Міржақып Дулатовтың ұйлену тойында кездескен. Осы кезде ақын жастардың басын қосатын «Бірлік» атты ұйым құрып, оның орынбасары болды.

Бұл патшаны тақтан тайдыратын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, яғни ақпан төңкерісі болған шақтар еді. Қазақ елі бостандық алып, бодандықтан құтылады деп сенген. Бұл тарих біздің білімімізге, талай қазақ зиялыларының жырына арқау болған. Сөйтіп ақын жаңа заман жолындағы күреске бел шеше кіріскен.

Ғабит Мүсірепов айтқандай, Сәкеннің тұла бойы тұнып тұрған ақындық еді. Қара тырнағына дейін ақындық үшін жаратылған. Ол «Сәкен Қазақ Кеңес әдебиетінің негізін қалаушы көшбасшы болды. Тарих оған жүктеген міндетті ешқайсымыз атырған жоқпыз. Тарихқа зорлық жүрмейді» деген.

Енді ақынның шығармашылық жолына ойыссақ, 1920 жылдардың қазақ поэзиясы Абайдың ақындық мектебінің әсерімен өркендеді. Әсіресе 1909 жылы Абайдың алғаш өлеңдер жинағы шыққанда қазақ сахарасында көзі ашық жастар мен ұлт зиялылары дүр сілкінген болатын. Абайдың өлең үлгісіне қарап қалам тербеген ақындардың қатарында Сәкен Сейфуллин де болды. Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңі қазақ поэзиясына қандай жаңалық әкелсе, Сәкеннің «Советстан» поэмасы да әдебиетке жаңа өрнек енгізді. «Советстан» Сәкеннің қазақ поэзиясындағы жаңашылдығы болды. Поэма жаңа дәуірде жаңа сипат ала бастады, өмір шындығы өршіл романтика арқылы жарқырай көрінді.

Сәкен – үлкен қоғам қайраткерлерінің бірі. Бұл оған жарлықсыз, мандатсыз берілген. Халық ондай ұлы қадірлерді, қастерлерді. Оның тарих бетінде жарқырауына жағдай жасады. Оның шығармалары өз уақытта өз құнын жоғалтпақ емес. Ақынның шығармаларын оқу арқылы оқушы да, оқырман да рухани азық алады. Сол үшін де ақынның шығармалары беріміз үшін қымбат.

Зухра ТОҚШЫЛЫҚОВА,  
№124 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәні мұғалімі

Мәселе

## Азық-түлік қауіпсіздігі бақылауда ма?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында халық денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап ететіні айтылған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, адам өліміне әкелетін факторлардың 60 пайызы сапасыз нашар, қауіпті қоспалармен әзірленген тағамдар кесірінен болады. Ал елімізге алыс-жақын елдерден қоқыс тауарлар арбалап та, дорбалап та тасылып жатыр. Ең қорқыныштысы, сол тағамдардың көбі жөртөлер мен көшелерде жасалады.

Елімізде шығу тегі белгісіз зиянды тағамдар көбейген. Ал оның көп бөлігін қолданатын жасөспірімдер, Медицина қызметкерлерінің айтуынша, зиянды тағамдар балалардың денсаулығына да кері әсер етіп жатыр. Мәселен, былтыр тамақтан ұлануының 25 топтық жағдайы тіркелген. Оның ішінде 234 бала астан ұлынған. Тіпті бір науқас көз жұмған, 17 науқастың жағдайы бойынша қылмыстық іс қозғалған. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне сапасыз азық-түлікке шағымданғандардың саны 1000-ға жуықтады.

«Қоқыс тағамдардың» қатары қантты өнімдер, оның ішінде газдалған сусындар, тез дайындалатын фаст-фуд өнімдері, дүкен терінде тұрған шұжықтар мен кино-театрларда сатылатын попкорндар да толықтырады. Әкініштігі, кейбірінші құрамы мүлдем белгісіз, кейбірінші жалған сертификатпен дүкендердің терінде тұр. Қалтаға қарайтын біз сапаға қарамай арзанға жүгіреміз. Ал отандық өнімге қарағанда импорттық тағамдардың құны тым төмен екені белгілі. Дүкен мен ба-

зарлардағы саудаланатын бағасы арзан, көздің жауын алатын зиянды деп танылған әр өнімде қазақ немесе орыс тілдерінде шығарушы, құрамы, пайдалану мерзімі туралы ақпарат бар ма? Ал құзырлы органдар бұл жайында не дейді?

– 718 қаулымен әр мемлекеттік бақылау функцияларын атқаратын органдарға тиісті өнімге бақылау функциялары бөлітілген. Бүгінгі күні 52 техникалық регламент қабылданды. Соның ішінде 11 техникалық регламент тамақ өніміне байланысты, оның ішінде азық-түлік өнімдеріне санитарлық-эпидемиологиялық бақылау көбірек жүргізіледі. Шекарада да фитосанитариялық, ветеринарлық органдар азық-түліктерді мемлекеттік бақылауға алған. Былтыр министрліктер аясында ахуалдық штаб құрылды. Ол штабтың құрамында да бақылау органдары бар. Олар азық-түліктің құрамы мен жарамдылық мерзіміне қатысты тексеріс жүргізеді, – дейді ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология комитеті бақылау басқармасының басшысы Динара Жаңабәева.

Былтыр ашылған ахуалдық штаб

пен қоғамдық ұйымдар және отандық өндірушілер бірлесіп отырып 65 өнімнің лабораториялық сынамасын өткізген. Нәтижесінде 17 импорттық тағам техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмеген. Оның ішінде көп бөлігі сүт өнімдері, сонымен қатар май қышқылдары мен тауық еті де бар. Тексеріс барысында 1 импорттық өндірушіге тыйым салып, 16-сына күшейтілген сараптама жүргізіледі.

Соңғы бес жылда 300 мыңға жуық тағамға сараптама жүргізілген. Нәтижесінде құрамы анықталып, жалған құрамды өнімдер табылды. Оның ішінде ГМО-сы бар өнімдер, құрамы «халал» деген тағамдардың ішінде шошқа еті бар екені анықталды. Мамандардың айтуынша, бұл заң бұзушылықтардың басым бөлігі таңбалау ережелерінің бұзылғандығынан. Сол зиянды тағамдардың жарнамасы жайлы айтау мүмкін емес. Өйткені бүгінде жұрт, әсіресе балалар әлеуметтік желілерден қанты мол тұзды, майлы, химиялық қоспалардың мөлшері көп өнімдердің жарнамаларына қызығатынын көріп жүрміз. Өрине жарнама тиісті



зандармен реттелгенімен, оларда денсаулыққа зиянды өнімдер туралы ақпараттың таралуын шектейтін нормалар жоқтың қасы.

Еліміздегі балалардың көріп жүрген жарнамалардағы ас-судың шамамен 72 пайызы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының тарапынан тыйым салынған азық-түлікке жатады екен. Ең әуелі дүкен сөрелерін «қоқыс тағамдардан» арылту үшін жарнаманы азайту керек. Себебі зиянды тағамдар жарнамасының көбеюі жамандыққа азғыру екені сөзсіз.

Сенат депутаты Бибігүл Жексенбай зиянды тағамдарға қатысты мәселе қозғап, «қоқыс тағамдары» сатуға тыйым салу, стандарттау

және сертификаттау қызметін қатаң бақылауға алу бойынша бірқатар ұсыныс айтты. Атап айтқанда, осындай өнімдерді жарнамалауға уақыт шектеуін енгізу, зиянды тағамдарға, қанты көп, энергетикалық түрлі сусындарға «қоғам денсаулығын қолдауға арналған қосымша салық» салуды қарастыруды ұсынды.

– Әлемде зиянды тағамға қосымша салық салу тәжірибесі айтарлықтай кең тараған. Мәселен, сол оң жылда мұндай салық Дания, Норвегия, Франция, Венгрия, Мексика, АҚШ және басқа да елдерде бар. Осы салық түрі енгізілген елдерде өндірілуші мен сатушылардың 70 пайызы зиянды және қосымша салық

салынатын өнімдерді қысқартты. Ел келешегін ойласақ, халықты зиянды тағамнан қорғау да елдік мәселенің бірі, – дейді ол.

Түйіндей келе, тағамның ғана емес, көз келген тауардың бағасына ғана емес, сапасына да көңіл бөлу керек. Өйткені «арзанның сорпасы татымаса» деген де бар. Қолжетімдісін алып, олық жеп қалмайық. Ал зиянды азық-түлікті тыю үшін жеке осы өнімдерді бақылайтын арнайы орган қажет секілді. Өйтпесе басқа органдардың бірігуінің соңы бір-біріне сілтеумен аяқталып жатқанын да байқадық.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы  
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,  
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар еңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 451